


84  
Т65


# ТАУМАН ТӨРЕХАНОВ

Үстібар-Аллаһа кылым. Ен пірси.



*ЗЕРДЕСІНДЕ  
ҰРПАҚТЫҢ...*

*ҰЖМАҚ ЕЛІ*



*"... ЖАЗБАДЫ-АУ,  
ДЕМЕСІН"*

Тауман Төреханов

ЗЕРДЕСІНДЕ ҰРПАҚТЫҢ..



ҰЖМАҚ ЕЛІ



“...ЖАЗБАДЫ-АУ”,  
ДЕМЕСІН

Алматы  
2001 ж.

ББК 84 (5 Қаз)  
Т 65

**Т 65 Төреханов Т.** \* Зердесінде ұрпақтың (Халық батыры Көтібар Бәсенұлы жайлы) \* Ұжмақ елі. \* “...Жазбады-ау”, демесін: Деректі әдеби-көркем басылым. Алматы, 2001 ж. – 224 бет.

ISBN 9965-00-029-8

Кітап авторы Тауман Алыбайұлы Төрехановтың бұл бесінші кітабы. (“Қанмен жазылған тағдырлар”, “Көз көргендер еді”, 1999 ж., Алматы), екі кітаптан тұратын бір мұқабада берілген “Ғасыр қасіреті” (2000 ж., Алматы), XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың бірінші жартысында жерінің, елінің тәуелсіздігі үшін жанын қиған–патшалы Россия тапсырыс беру арқылы өлтірткен халық батыры Көтібар жайлы бұрын–соңды айтылмаған тың деректерге құрылған (Көтібар батырға жиырмасыншы ғасырдың аяғындағы ұрпақтары кесене салып, ас беруге орай) автордың бұл еңбегі бүгінгі тәуелсіз Қазақстан оқырмандарына ұлттық намыс отын жағады. Тек оқып көру керек.

“Ұжмақ елі” деген кесек шығарма – кешегі, бүгінгі Федеративтік Германия жайлы оқи бастасаң, бас алмайтын қызықты деректерімен әңгімеге толы.

Автор жарты ғасырға жуық, кешегі бір қызыл империя заманында, баспасөзде еңбек еткен жылдарынан аса назар аударарлық оқиғаларды сөз ете отырып, бүгінгі еліміздің оқырмандарына, жас қаламгерлеріне ой салатын пікірлер айтады. Сондықтан ұрпағы “...Қап, жазбады-ау” демесін деген тақырыппен берген.


Кітап қалың оқырманға, тағдырын журналистикаға бағыштаймын деген талапкерлерге арналған.

Т 4702250201  
00(05)–01

ББК 84 (5 Қаз)

ISBN 9965-00-029-8


© Төреханов Т., 2001 ж.



Көтiбар батыр халқымен қайта қауышуда. Батыр бабаның кесенесін қайта тұрғызып, ас беру мерейтойына арналған суретті салған Әбдіғали Баяндин.



Халық батыры Көтібар Бәсенұлының кесенесін қайта тұрғызып, халқымен қайта қауыштыруға эрай мерейтой қарсаңында мемлекетаралық, республикалық телеарналарда, газет-журналдарда Батыр жайлы құнды-құнды еңбектер жарияланды.



Көктөбе. Халық батыры Көтібар Бәсенұлының кесенесін салып,  
пайдалануға берген құрылысшылар: Аяпберген, Әбдіғали,  
Несіпбек, Сұлтан, Қайрат, Қанабек, Өлішер, Қадырхан, Мұрат,  
Серік, Нұржан, Қанат, Мақсат, т.б.  
Батыр әруағы бәріңді қолдап, қорғай жүргей!



Көтібар батырдың кесенесін қайта тұрғызуға бастама көтерген халықты қолдап, ұйымдастырушы Мұғалжар ауданының бұрынғы Әкімі, қазіргі ҚР Сыртқы істер Министрлігінің мәмлегері Арынқазы Қалжанұлы Беркінбаев (сол жақтан үшінші) кесенені ашу салтанатында сөз сөйлеп тұр. Сол жақтан бірінші мерейтойды өткізу жөніндегі комитет төрағасының орынбасары Рамазан Нұржанов, екінші –Мұғалжар ауданының Әкімі Оңдасын Сейілұлы Оразалин...





## Зердесінде ұрпақтың

*Көтібарды білмейтін қазақ  
жоқ, себебі ол тек бір  
өлкенің батыры емес, бүкіл  
қазақ халқының батыры.*

*Академик-жазушы  
Сәбит Мұқанов.*

1

Осы жолдардың авторы мың тоғыз жүз тоқсан тоғызыншы жылдың қараша айының соңғы күндері әйгілі Мұғалжар тауының Еуропаға қараған көкбел жазығындағы жасыл төсін мекен еткен осы ұлы тау аттас аудан әкімі Арынқазы Қалжанұлы Беркінбаевтан хат алды. Онда екі мыңыншы жылды халық батыры Көтібар Бәсенұлы жылы етіп жариялай отырып, батырдың тозығы жеткен кесенесін қайта салып, ас беретіндіктерін, ұлттық ойын-сауық, ат шабыс өткізетіндіктерін, осы шараларға байланысты ауданда ұйымдастыру комитеті құрылғанын, оған менің де мүше екенімді жазыпты және ұйымдастыру комиссиясын құрып, оның құрамын да келтіріпті. Осы хабарды айта келіп, ас беру рәсімі сол тамыз айының жиырма бес-жиырма алтыларына белгіленгені, бұл шараның бүкіл қазақстандық шара екенін, оған Орта Азия, Россия, Қазақстан елдерінің ата әруағын, батыр рухын сыйлайтын адамдарды шақыратындықтарын еске салыпты.

Қуанышты хабар! Хатты оқып болып, көзімді ашып алдым. Ойландым. Батырдың ең жақын қанының бірі деп Жақсылық Кененовты шақырдым. Алпысты алқындырып қалған, қайратты жігіт ағасы бұл хабарды аса қуанышпен қарсы алды. Кейінірек Алматының батыр





әруағына, рухына бас иетін тұрғындары жиналып, бас қосты.

Ерекше айтып өтетін жайт – Ата тойын, батыр тойын өткізуге батыр ұрпағының бірі, бірегейі Қазақстан ішкі әскерлерінің қолбасшысы, генерал-майор Болат Бақытжанұлы Жанасаев\* халық батырына арналған шараларға айрықша мән беріп:

– Көтібар – халық батыры! Ол өз заманының Қарулы Күштерінің Қолбасшысы, халқының қорғаны болған адам! Көтібар елдің сырттан келетін жауын жапырған адам. Халқын тәуелсіздікке үндеген адам! Тәуелсіз халық қана көктеп, көгереді, өседі, бұл жолда жан пида деген адам! Иә, осы ұлы жолға өмірін берген адам! Соның құрбаны болған адам. Патшалы Россияның Көтібар батырдың басын әкеліп бергенге миллион күміс ақша тіккені бізге тарихтан белгілі. Ақыры алдын ала Орынбордың губернаторы тапсырыс беру арқылы Көтібар батырдың бар күзетін жойып жіберіп, басын кесіп, қапқа салып жатқан жерінде, мына Алшынның Темір тауын қоныс етіп отырған Жағалбайлы жерінде, қанішерлерді халық ұстап, тірідей өртеп жібергені белгілі емес пе?!

Генералдың генералша түйдектеп айтқан бұл сөзі менің есіме академик, жазушы Сәбит Мұқановтың сонау 1941 жылы сол кездегі республикалық “Социалистік Қазақстанда”... Мұхтар Әуезов “Айман-Шолпан” жырына негіздеп, осы аттас пьеса жазды. Бірақ пьеса төңірегінде республикалық дәрежеде үлкен айтыс-пікір алысу барлық баспасөздерде, радиода болды. Себебі пьесада автор халық батырының атын өзгертіп, “Басыбар” деп, көріністің өн бойына батырды әжуалап, күлкінің объектісіне айналдырып жіберген.

Иә, ол кезде, жиырманшы ғасырдың отызыншы-қырқыншы жылдары әліде халықтың, аға ұрпақтың жайында халық батыры Көтібар есімі аса сый-құрметпен

---

\* Осы кітап жазылып жатқанда Болат Жанасаевты Елбасы өзінің Жарлығымен Ұлттық Ұланға қолбасшы етіп тағайындады.



айтылатын еді. Тіпті Көтібар елінің, туып-өскен жерінің батырдың әлі де ізі суымаған ерлік – халықтық істерінің куәгерлері, көз көргендері бар болатын. Ал мұның бәрін академик-жазушы Сәбит Мұқанов жақсы білетін. Сонау отызыншы жылдардың ішінде Сәбе батырдың туып өскен елі Ақтөбе облысының Шалқар ауданында, Шалқар қаласында болып, белгілі-белгілі көне көз қариялармен, елдің тірі шежіресі – ақсақалдармен, белгілі журналист Тілеужан Шойғаринмен кездескен, әңгімелескен, пікірлескен. Соңы – жоғарыда біз әңгіме еткелі отырған “Социалистік Қазақстан” газеті республикалық дәрежеде өткен пікір-таласты Сәбеңе қорытындылатқан.

Сәбит Мұқанов: “Батыр Көтібар\* халық алдында мысқылдың құралына айналды. Ел шежіресіне қарағанда Көтібар болған батыр... бірақ ол қайтсе де қыздардың арын төккен жоқ, соңынан ризаласып, өз қатесін мойындап, жастардың тілегін қабыл еткен ғой. Осы жағын еске алуға болмайтыны қалай?... Мұхтарша: қанаушы тек еркек нәсілді болу керек. Жолбарыс – жыртқыш аң, оның еркек ұрғашысы бірдей адамға қас...

Көтібарды қазақта естімеген кісі аз. Бірақ халық өмірінің екшеліп, тірісі қалады. Халық “Айман-Шолпан” оқиғасын неге сүйді? Көтібарды не үшін батыр деп ардақтады?!”

Көтібар Бәсенұлын “ары тарт – бері тарт” қылып, әкесі, заманы қойған атын-есімін өзгертіп, ақыры тарихтан сызып тастаймыз деген заман өтті ғой. Тіпті айтас ақыны, белгілі дүлділ ақын Баянғали Әлімжанов 1993 жылы Есет Көтібарұлының 190 жылдығын бүкіл әлем болып атап өтуге арналған ақындар айтысында былай дегені де есімізде:

*Ақындар бөтен сөзді бастап па еді?  
Қарсылас туралы келсе, жасқап па еді,*

---

\* Автор Мұхтар Әуезовты айтып отыр. Жазушы қызыл империя қақпанынан қорықсын, басқа бір оймен алсын Көтібар батырды “Басыбар” деп өзгертіп алған.



*Білесің мұғалімнің бір кездерде,  
Қазақтың зиялы бір оқығаны,  
Атынан Көтібардың қашпап па еді?!  
Ойлаймын, талай сыры ашылар деп,  
Ақындар топ алдында тосылар деп.  
Мұхаңның өзі дағы қысым көріп,  
Жазған ғой Көтібарды Басыбар деп.*

Иә, Көтібар Бәсенұлының халық батыры екенін, халық қорғаны болғанын, тәуелсіздік жолға халқын бастағанын арада қанша жыл, ғасыр уақыт өтсе де, батыр ұрпақтары ұмытқан жоқ!

Көтібар батырды патшалы Россияның қанішерлері алдын ала тапсырыс беру арқылы өлтіргені – тарихи факт! Оны осы жолдардың авторы “Қанмен жазылған тағдырлар” (“Атамұра”, 1999ж.) кітабында сегіз сері ақынның батырды “Жоқтауында” келтірген болатын. Мың сегіз жүз отыз төртінші жылы көктем шыға бүкіл қазақ елі өз орталарынан бірнеше қос бөліп, батырдың кесенесін мәңгілік етіп салған!

Сәл шегініс. Өткен екі мыңыншы жылы халық батырына “уақыт” тозығын жеткізген кесенені қайта салу барысында байқалғанындай, сол заманда інісі Арыстан Тінәліұлы, баласы Есет Көтібарұлы бастаған бүкіл қазақ елінің құрылысшылары салған мазардың қабырғасының қалыңдығының өзінің бір метр қырық сантиметрдей екені анықталды.

Арада бір жүз жетпіс жылға жуық уақыт өткеннен кейін Көтібардың бесінші ұрпағы Ғалымбек Төреханов (Бәсен-Көтібар-Есет-Назар, – Төрехан-Алыбай-Тауман-Ғалымбек) ұлы бабасының астан-кестен болып, ашық жатқан қабірын көріп, баба аруағына бас иіп, жалаңаш қысқа түспесін деген оймен қабірын күллі мұсылманға салынатын кесенедей етіп салып “басын қарайтып” кеткен. “Жағдайым келсе, тағы бір соғармын. Амал не, енді екі айлық уақытым болғанда, Есет-Дәрібай аталарға салынған кесенелердей етіп салар едім. Халық қолдар еді”, дейді, батыр шөбелегі.



Солай, халық қолдады. Сондықтан да халықтың бұл игілікті пікірін, ұлы әруақты батырға деген ұрпақтар ұсынысын жинақтай келіп, Мұғалжар ауданының әкімі Арынқазы Беркінбаев жоғарыда айтқанымыздай, екі мыңыншы жылды халық батыры Көтібар Бәсенұлы жылы деп жариялап, халықтың қайырымдылық қорын құрды, оның есеп-шотын ашты.

Халық бас қосты, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып іске кірісіп кетті. Енді батыр кесенесін жобалаушылар мен салушыларға тендр жариялады.

## 2

Халық батыры Көтібар Бәсенұлының ұлы тойына, батыр аруағына тағзым етушілердің қолдауымен Алматылықтардың қайырымдылық қорға үлесін-әруаққа байлайтын орамалдарын бір арнаға түсіру мақсатымен ынталы топ құрылды. Ол екі қанаттан тұрды. Бірі генерал Болат Жанасаев бастаған ынталы топ. Олар бірден ұлы тойдың аламан бәйгесіне “Волга” жеңіл автокөлігін алып барамыз деген тоқтам жасады.

Ынталы топтың екінші қанатын осы жолдардың авторы, Жақсылық Кененов, Иманбай Жұбаевтар басқарып, істі ұйымдастырды. Турасын айтуымыз керек, Ата әруағы, батыр рухы алдында ақ ниетімен, аппақ жүрегімен барын салып жұмыс істеген батырдың ұрпақтары Жақсылық Кененов, Иманбаев Жұбаевтар азаматтығын жасады. Бүкіл Алматы қаласының барлық өңірін аралап, “жаяу жүріп”, әр адамның әруаққа байлайтын орамалын жинауды ұйымдастырды, баспасөз, радио, телевидениені көтерді.

Ынталы топтың ұсынысымен Алматының Бағанашыл ауылында, екінші рет қалада әруақ рухына бас иетін көптеген адамдар жиналды. Осы бірінші жиынның өзінде-ақ Жақсылық Кененов бас болып батырдың әруағына 17 мың теңге байлады. Содан кейін батырдың ұрпақтары бірінен соң бірі “тіпті кезекке тұрып қорға



беретін орамалдарын төкті”. Елеусіз Жанұзақов – 10 мың теңгесін; Эльмира Бекетқызы Наурызбаева – 50 АҚШ долларын; Әрия Бекетқызы Наурызбаева – 5000 теңгесін; Мақсат Дүйісмағамбетов – 3000 теңгесін; Алма Наурызбаева – 100 АҚШ долларын; Шәкен Алпамысқызы Наурызбаева – 5000 теңгесін; Бәтима Әйтенова – 5000 теңгесін; Жолжан Оралбаев – 2000 теңгесін; Гүлмереке Сермағамбетқызы Насырова – 2000 теңгесін; Кәбира Қоңқаева – 3000 теңгесін; Людмила Андреевна Мамонтова – 3000 теңгесін; Сағира Әлібаева – 50 АҚШ долларын; Шәкімболат Жанаманов – 5000 теңгесін; Үмбетбай Уайдин – жүз дана кітабын, 2000 теңгесін; Иманбай Жұбаев – 5000 теңгесін; Бектұрған балалары Қонақбаевтар – 6000 теңгесін; Мереке Оспанұлы Мақатов – 7000 теңгесін; Тауман балалары Төрехановтар – 6 мың кірпіш, 25 катенка, басқа да құрылыс материалдар және ақшалай – 10 000 теңге, 100 кітап (“Қанмен жазылған тағдырлар”), 1 жылқы; Құттымұрат Избасаров – 1000 теңгесін; Есенқос Мамбеталин – 50 АҚШ долларын; Меруерт-Бақытжан Нұрышевтар – 2000 теңгесін; Смаш-Рабиға Балмановтар – 2000 теңгесін; Зоя Бержанова – 100 АҚШ долларын; Клара-Ұзақбай Жарылқағановтар – 100 АҚШ долларын; Сәбитбай Елубаев – 7200 теңгесін; Құдайберген Ниеталин – 10 000 теңгесін; Бақытжан Әбишев – 100 АҚШ долларын; Сара Мұқанова – 2000 теңгесін; Еркін Бекетұлы Наурызбаев – 100 АҚШ долларын; Байеділ Наурыззов – ұлттық үлгідегі велюр шапанын (жиырма жеті мың теңгелік) әруақ үрметіне берді.

Біздің айтарымыз – ұлы баба әруағы өз ұрпағының амандығын, бақытты болуын қолдап, қорғай жатқай деген тілек үстіндеміз.

Ынталы топтың екінші қанатын басқарған республиканың көрнекті тележурналистерінің бірі Иманбай Жұбаев халық батыры Көтібар Бәсенұлының ерлік өмірін, тәуелсіздік жолындағы жанқиярлық күресін, ұлт-азаттық қозғалысының басшысы ретінде – ел қорғаны – заманының көсемі, қамқоршысы, қорғаныс министрі,



әділ биі, қарулы күштер қолбасшысы, ақыры патшалы Россия Орынбор генерал губернаторының арнайы тапсырмасымен өлтірілгені жайлы түрлі жанрларда жарияланған архивтік құжаттардан бастап, халықтың жадында сақталып қалған әңгімелерді байланыстыра баяндайтын материалдарды телевидение, газет-журналдар арқылы беруді ұйымдастырды. Бұл тұста батыр тұлғасын, батыр ерлігін халық қамқоршысының ұлы өмірін баяндайтын сүйекті материалдарды Алматы, Астана, Мұғалжар, Ақтөбе, Атырау, Ақтау, Орал, Шалқар аудан, қала газет-журналдары да топтап беріп жатты.

Батыр тойын өткізуге байланысты құрылған республикалық ұйымдастыру комитетінің төрағасы, Мұғалжар ауданының әкімі Арынқазы Беркінбаев “Бабалардан қалған із көнермейді” (“Ақтөбе” газеті, мамыр, 2000 ж.) және “Қазақ әдебиеті” газетінде “Көтібар төбесі” немесе бабалар аманатына адалдық” (28.07.2000 ж.) деген тақырыптармен ұлы батырдың портретін қоса беріп, көлемді мақалаларын жариялады. Онда бүкіл жұртшылықты, әруақты сыйлайтын, ата-бабасын құрмет тұтатын ұрпақ өкілдеріне сөз тастады.

Сондай-ақ:

– “Көтібар батырды білеміз бе?” деген тақырыппен осы жолдардың авторы мен белгілі журналист Иманбай Жұбаевтың көлемді мақаласы – халықаралық саяси апталық “Түркістан” газетінде (25-31 тамыз, 2000 ж.) жарияланды.

– Көтібар халық батырына арналған “Хабар”, Қазақстан ұлттық 1,2 және 31 телеарналар – (маусым, тамыз 2000 ж.)

– “Ел қорғаған – ер бабаң” деген айдармен “Алмас қылыш” тақырыбымен Жарқынбай Назарбаевтың және “Көтібар мен Жылқаман” деген тақырыппен Оразбай Әділбаев пен Жолжан Оралбаевтың “Қазақ батырлары” - қоғамдық тарихи, археологиялық-этнологиялық газетінде № 8 (35) 2000 ж. айқарма беттік материалдары берілді.



– “Көтібар батыр” тақырыбымен республикалық “Қазақстан әйелдері” журналы өзінің 2000 жылғы № 8 және № 9 сандарында цикл материалдар жариялады.

– “Елі мен жерін жау мен дауда қорғаған” деген тақырыппен Атырау университеті тарих және құқық факультетінің деканы, профессор Төлеубай Төлепбергеновтің үлкен де аса маңызды материалы “Ақтөбе” газетінде жарық көрді. Оқырмандар мұны жылы қарсы алды.

Осы бір тұста жергілікті бір газет баяғы патшалық Россияның сұрқия, бір руды екінші бір руға айдап салып, “бөліп-бөліп алып, басқара бер” саясатын ұстанған кешегі қызыл империя “тарихшылары” “Көтібарды жағалбайлылар өлтіріпті” деген “тоқтамды” уағыздап (қазақ совет энциклопедиясында көрсеткенін тағы да алға тартқан еді) жазды. Сондықтан да осы ескі сарындағы жарияланымға “Жас алаш” газетінде 2000 жылдың 12 тамызында осы жолдардың авторы мен Иманбай Жұбаев “Көтібарды кім өлтірген?” деген тақырыппен қарсы мақала жазуға мәжбүр болды. Ал әділетін айтсақ, жаңағы жергілікті газеттің бір ауыз жағымсыз сөзінің өзі батырға арналған ұлы шараларды бастап, бастама көтеріп салып жатқан осы Жетіру ата-лықтары – Жанқасқа батыр елі еді ғой.

Патшалық Россия мен қызыл империяның идеологтары – тарихшыларының қазақ елін, қазақ жерін отарлау саясатындағы ұстанған бағытын – саясатын әшке-релеу орнына, олардың ізіне түсіп алып, сол кездегі қолдан жасалған руаралық тартысты одан әрі сөз ету артық деп санаймыз. Жанұзақ Қасымбаев “Кенесары хан” деген еңбегінде былай демей ме:

“Таптық принципке негізделген... орыс мемлекетінің, Ресей отар империясының князьдері мен патшаларын дәріптеу – мемлекеттік саясат дәрежесінде іске асырылса, бұрынғы “бұратаналық” аймақтардағы халықтардың ұлттық батырларын, дарынды қайраткерлеріне дұрыс баға беру жаттанды “ұлтшылдық” деген ұғыммен тең болғаны көпшілікке мәлім. Батыстың көрнекті



тарихшысы А. Авторхановтың “... үлкен ағамызға берілген кеңшілік (князьдер Игорь мен Александр Невскийді, Дмитрий Донскойды, қолбасшылар Суворовты, Кутузовты, Нахимовты) жасы кіші бауырына рұқсат етілмеген (Түркістандықтарға Темірді, Бабырды, Кенесарыны, Кавказдықтарға Шейх Мансурды, Имам Шәмилді, украиндарға Мазепа мен Грушевскийді, Балтық бойындағыларға өздерінің ұлттық батырларын мақтананш етуге тиым салынған). Ал Түркістан мен Кавказды қан төгумен жаулап алған патша генералдарына олар бостандығынан айрылған халық жерінде ескеркіштері тұр” дегені, бізде Абылайды, Жоламан, Көтібар, Сырым батырларды мақтан ете алмағанымыз түсінікті”, дейді.

Иә, өттеген-ай көп.

Заманының ұлы қолбасшысы Ақсақ Темірдің “Күш кімнің жағында болса, әділдік соның жағында” деген қағидасы еріксіз еске түседі-ау.

Бұл арада айта кететін бір проблема – республикада ғылымның басқа салаларына қарағанда, тарих ғылымдарының тәуелсіздік бағытта өз беттерінше, “ағаға”, жан-жаққа қарап алаңдамай, тарихи тұлғаларға баға беруде тәуелсіздік тұрғыдан қарап, кешегі күні өткен психологиядан шығу қажет екенін тура айтуымыз керек. Біз жоғарыда А.Авторхановтың пікірін тегін келтіріп отырғанымыз жоқ.

### 3

Міне, Көтібар батырға да кеңшілік жасалмаған, жабулы қазан жабылуымен қалсын деген қолында үкімет билігі барлардың бұйрығымен жарыққа шығарылмай, туған халқынан, өзі қорғаған халқынан екі ғасырға жуық айырған күш иелерінің үні өшіріліп, қазақ елінің тәуелсіз заманына қарай тарихтың тау тұлғаларына әділ бағасын беруіміз керек.

Бұл салада белгілі журналист, тарихи тұлғаларды зерттеуші Жарқынбай Назарбаевтың ешқандай алаң-





дамай, патшалы Ресейдің кешегі қызыл империя идеологтарының жазып тастап кеткен, бүгін (“архивтік”) құжаттар болып саналатын материалдарға жаңаша стандартсыз көзқараспен, ойлаумен шындықты бар дауысымен айтып, жар салғанына да бес-алты жыл болды. Ол “Егемен Қазақстан” , “Ақтөбе” газеттері мен республикалық журналдарда бар дауысымен сөйледі, телевидениеде жария етті. Бірақ оның даусына тарихшысымақ біреулер құлақ аспады. Бұрынғы ойлаудан, баға беруден аса алмай, тұсалап қала берді. Батыр баба жайлы қайырымдылық қорына үрке қарады.

Тіпті Көтібардың кешегі жылқышысы, кейін соңына ерген адамдарды мадақтап – бас қолбасшысын көлеңкеде қалдырған дүниелер де жазылды. Бірақ тарихи шындық жеңді.

Тағы бір айтайық дегеніміз – қазіргі ғылым академиясының тарих және этнология институтында, жергілікті тарихшыларда архивтік құжаттарға тәуелсіз ел мамандары тұрғысынан баға беру жетпей жатыр, тек ол құжаттарды дауыстап айтумен келеді. Халқының тағдырын ойлаған тәуелсіздік, бостандық үшін өмірін пидаеткен біздің қай тау тұлғаларымызға жағымды сөз айтты дейсіз патшалы Ресейдің, кешегі қызыл империяның шенін алып, шекпенін жамылғандары?! Оларды “бунтовщик”, “бунтарь”, “головорез” деп қолға түссе, қанын ішіп, бастарын кесіп алып, патшаға сатып, қоясы тола ақша алып, шенін жоғарылатқан “адамдардың” патшаға жазып қалдырған жасырын запискаларына, докладнойларына, рапорттарына бүгінгі тәуелсіз, егемен заман дәрежесінен қарауымыз керек болар.

Өтепберген Әкімгереев “Алтын Орда” газетінде (23.03.2001 ж.) “Бізде тарихшы көп. Есесіне, ақиқи дүниелерге негізделген тарих әлі жасалған жоқ” десе, газеттің осы санында Исатай Кенжеалиев “... қазіргі авторлар кезінде партия ченеуниктерінің жазғанын шындыққа балап, көшіріп жариялауда”. Тәуелсіздіктің ұлы жаршысы Махамбеттің, Сырым Датұлының, Көтібар Бәсенұлының, басқа да халқым деп қан жұтып, су кешіп,



от оранған ерлердің бастарына ақша тіккені мәлім еді ғой. Бұл пікірді осы жолдардың авторы Көтібар Бәсенұлының ұлы тойын өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитеті өткізген республикалық дәрежедегі ғылыми-теориялық конференция (25 тамыз, 2000 ж. Қандыағаш қаласы) мінберінен де ашық та анықтап айтқан.

Бір өкініштісі – осы конференция бағдарламасында көрсетілген Қазақстан Ғылым Академиясының тарих және этнология институты директорының орынбасары К.Алдажұмановтың баяндамасы болады делінген. Конференцияға жиналған бірнеше жүз адам көздері талпып, бұл ғалымды сонша күтіп, бір ауыз сөз тыңдағысы келсе де, тарихшы ат ізін салмады. Иә, “тайлағымды да үйретейін, қайныма да барып қайтайын” деген қазақпыз ғой, бұл тарихшының “от алып, от жаққан жері” осы Көтібар Бәсенұлы елі еді-ау. Иә, қайын жұртына баруға шәубасқан, қартайған күйеу емес еді, амал нешік?!

Тағы бір айтатын әңгіме біздің тарихшылар жоғарыдағы келтірілген патша адамдарының жазбаларын басшылыққа алады да, халықтық ой-пікірлерді есепке алмайды. Бұл бір жақтылық болар. Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің құрметті профессоры Исатай Кенжеалиев “Алтын Орда” (23.03.2001 ж.) газетінде былай деп жазады: “Тәуелсіздік алған соң тарихымызды шынайы түрде, байыпты жазудың орнына баяғы Ресей авторларының жазғандарын көшіріп қайталаймыз, оны жаңалыққа балаймыз және мұндай жайт мүлде етек алып кетті”, дейді. Тарихи шындыққа жанасатын дәйектемелерден, сол заманның халық қазынасы – жырдастандардан, аңыздардан осы қажет-ау деген деректерін алу артық болмас, дейміз. Себебі көптеген тарихи тұлғалар, батырлар, әулиелер, хандар мен билер халық қазынасы – фольклорлар, жырлар, әңгімелер арқылы жеткен жоқ па?!

Республикалық, облыстық тағы бір басылымда Жарқынбай Назарбаев әңгіме етіп жүрген “Көтібар мұнарасы” (қазақ энциклопедиясынан алынған) атты тари-



хи-архитектуралық ескерткішті жаңалап берді. Онда былай делінген: "...Сырым Датов бастаған ұлт-азаттық қозғалысына қатысқан батыр Көтібар Бәсен(де)ұлына арналып салынған. К.М. қазіргі Қызылорда облысының Тереңөзек ауданындағы Шіркейлі с. маңында орналасқан. Мұнара шикі кірпіштен қаланған, ішінде айналып шығатын баспалдағы бар. Ірге тасының диаметрі 4 м., биіктігі 10 м. К.м. жоғары қарай өтетін есіктері бар 4 қабаттан тұрады. 1982 жылы республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енгізілді. Ескерткішке қатысты материалдар Қызылорда облысы тарихи-өлкетану музейінде сақтаулы. А. Жұматаев" деп қол қойған.

Осы мұнара жайында кейде бұл Көтібар Бәсенұлына арналған емес, басқа біреуге – бай баласына арналған деп те айтушылар бар. Еске алатын бір жайт – Сырым Датұлының, Көтібар Бәсенұлының бастауындағы ұлт-азаттық қозғалысының жеңіліс тауып, патша қуғыншылары көтеріліс басшыларының соңына түскен кезде, Сырым Хиуаға, Көтібар Сыр бойына қарай ойысқаны бізге тарихтан белгілі. Көне көз ел қариялары айтып жүргеніндей, Көтібар батыр бұл Сыр өңірінде біраз уақыт болған, жергілікті халықпен сырласқан, халықты бостандыққа шақырған. Сондықтан Сыр өңірінің халқы да өздерінің тағдырын батырмен бөліскен. Кейін Көтібар патша жалдамаларының қолынан қайтыс болды дегенді есіткенде халық осы мұнараны Көтібар батырға ескерткіш етіп салған екен, дейді. Әрине, мұны да тарихшылар, этнологтар анықтай жатар.

Айрықша зер салатын, көңіл аударатын Көтібар батыр жайлы материалдарды топтап өзінің айқарма беттерін (16-17 беттерін) арнаған республикалық тәуелсіз апталық "Алтын Орда" (жиырма бес мың данамен шығып тұратын отыз екі беттік, Бас редакторы Мейірхан Ақдәулетұлы) газетін атап өту керек. Ең алдымен, ұлы әулие, халық батыры Көтібар Бәсенұлының мәйіті жатқан жерден – Көктөбе өзенінен басын алатын Елек



суымен сусындап отырған газеттің бас редакторы Мейірхан Ақдәулетұлына, орынбасарлары мен жауапты хатшысына киелі де әруақты атаның жиырмасыншы ғасырдың аяғындағы тікелей бесінші ұрпағы – осы жолдардың авторы ағалық алғысын айта отырып, әркез баба әруағы Сіздерді қолдап, қорғай жүргей деп көрі жүректен тілек тілеймін. “Алтын Орда” редакциясының творчестволық ұжымына әріптес аға, сол бір қасиетті – ата мекеннің бір перзенті ретінде, алдымен, Амандық, Зор шабыт, Творчестволық табыс, Жарық дүниенің бар жарығын тілеймін! Әмин!

Қуаныш Кенжеғалиев басқарып отырған Мұғалжар аудандық “Мұғалжар” газетінің ұжымына мыңда бір алғысымды айтамын. Газет редакциясы, оның бас редакторы Қуаныш әруақты бабаның, халық батыры – Көтібар Бәсенұлының ұлы тойы болады деген игілікті әңгімені іліп алып кетті. Өздерінің әріптес ағасы, тарихи тұлғаларды зерттеуші Жарқынбай Назарбаевке сөз беруден бастап, бірнеше ай, уақыт бойы газет бетінен бұл проблеманы түсірмеді.

“Мұғалжар” газеті бүкіл халықты, аймақтағы кенді өлкенің ұжымдарын, мектеп ұстаздары мен оқушыларын, аудан жұртшылығын батыр рухын қастерлеуге шақырып, насихаттап өзінің ұйымдастырушылық рөлін бүкіл елге танытты.

Газет:

*“Көтібар бабамыздың мерей тойы,*

*Халқымның көптен күткен арман-ойы”* деген үлкен айдармен 2000 жылғы 25 тамыздағы бір нөмірін түгелдей ұлы батырға арнаған екен. Газеттің бірінші бетінде “Тарихымыздың тау тұлғалары” деп айдар қойып, “Көтібар – алмас қылыш, ел тірегі” деген тақырыппен батырдың көлемді суретін берген. Суреттің астына “Алшын елі, Әлім тайпасы, Қабақ руы, Қарабас аталығынан шыққан халық батыры, XVIII ғасырдың аяғы, XIX ғасырдың басындағы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті қайраткері, елінің тәуелсіздігі үшін күрескен тарихи тұлға” депті.



Газеттің ішкі беттеріне:

*Көтібар батыр – алмас қылышым-ай,  
Мерейің үстем болған, ырысың-ай.  
Мақтаныш тұтқан сені барша қазақ,  
Халқымның дара тұлға ұлысың-ай! –*

деп екінші-үшінші беттерді айдарлы өлеңмен ашып бірнеше материалдар берген. Екінші беттен басталып үшінші бетке ауысып жатқан Шалқар аудан әкімі Ж. Оралмағамбетовтың материалы, автордың өзі сияқты, мол пішілген дүние. “Бұл – халқымыздың рухани тойы” деп аталатын көлемді мақала әдемі шыққан.

Үшінші бетте: “Көктөбенің басында күнде дүбір...” деген тақырыппен берілген репортаж газеттің алтыншы, жетінші, сегізінші беттерін алып жатыр. Жазылу стилі, сөз сараптауы, логикасының тереңдігі, алған тақырыбын кең көлемде аша білуіне қарағанда, бұл ұлы тойдың, ұлы халық батырының маңызы мен ұрпақ борышын барынша түсінетін қаламгер – газеттің бас редакторы Қуаныш Кенжеғалиев тер төккен деп түйдік. Қуаныш – бар өмірің, мәз өмірің бақытқа толы болсын, абыройың ортаймасын деп ағаң батасын береді.

Ал газеттің төртінші беті:

“Мұғалжардың халқы бар қасиетті,

Қонақжай, қашандағы ақ ниетті”, –

деген айдармен, кенді аймақтың қыры-сырын ашады. Бір қызығы – мұндағы Ақтөбемұнайгаз ашық акционерлік қоғамы облыстағы мұнайдың тоқсан процентін, газдың жүз процентін өндіреді екен.

- Жаңажол газ өңдеу зауыты
- Технологиялық транспорт және арнаулы көлік басқармасы
- Өндірістік технологиялық және жабдықтау базасы
- “Ақтөбеқуатмұнай”
- “Қазақойл-Ақтөбе”
- “Көктас” акционерлік қоғамы
- “Юбилейный” кеніші
- Шилісай тау кен байыту комбинаты
- Транспорт



- Инвестиция
- Ауыл шаруашылығы
- Кәсіпкерлік
- “Кентавр”
- Мұнай өндіру қондырғысы, т.б.

.....

*“Ақының асқақтата салатұғын,  
Әнімен таусылмайтын жырысың-ай  
Көктөбенің басында келісті боп,  
Салынған кесененің тұрысын-ай!” –*

деп алтыншы-жетінші беттерге берілген айдар астында автор журналист ағасы Жарқынбай Назарбаевпен кездескен әңгімесін өте тартымды етіп берген. Осы беттерде Жолмырза қажы Нұржанұлының Мұса Бисеналин, Рамазан Нұржановтармен бірге болып, Ақкемер селолық округінің әкімі Сәрсен Тілеубаевтың басқаруымен Көктөбе басына барып, ұлы батыр атасына құран оқығанын кеңінен сөз етеді.

Бұл сапарды “Көктас” акционерлік қоғамының президенті Бөген Жакупов (бұл азамат Көтібар батырдың ұлы перзенті Есеттің жиені Т.Т.), аудандық мәслихат хатшысы Жамбыл Баймұханов аудан әкімінің орынбасары Жангелді Құрмашевтарды басқарып, аудан әкімі Арынқазы Қалжанұлы Беркінбаев алып келді. Осы сапарда баба әруағына бас иіп, тағзым ете отырып, Арынқазы Қалжанұлы өзінің тоқтамын айтып, биік тұлғасын көрсетті.

Ел ағасы, халық абыройын арқалаған Қалжанұлы өзінің үлкен арнаның, мол көрегендіктің, үлкен ақылдың адамы екенін танытып, бірден жан-жағына алаңдамай алақтамай (бұлай дейтін себебіміз Арынқазы Қалжанұлы газеттерге берген мақалалары мен интервьюлеріне “Көтібар бабамыз туралы сыңаржақ пікір де, кереғар көзқарастар да жетіп артылады” деген еді. Бұл кешегі патшалы Россия мен қызыл империяның қолдарына от алып батырды халықтан айырып, ұмыттыру жөніндегі салқындықтан туған пікір екенін, бұл шіріген



жіптің бір үйініндей сүйретіліп кейбір тарихшысымақтар арасында келе жатқанын айтуымыз керек Т.Т.) халық батырының тозығы жеткен кесенесін қайтадан тұрғызып, ас беру, ұлттық ойындар, спорттық жарыстар, ақындар айтыстарын өткізу жайлы бірден шешім қабылдап, өзінің туған халқына үн тастады.

Мұны “Мұғалжар” газеті бірден іліп алып кетті. Газет бірден Бөген ағасына сөз тастады. Онда былай делінген:

*Көтібардың кесенесін салатын,  
Түбі білем, “Көктас” болып саналады.  
Жакуповтар арқасында бұл жерде,  
Мавзолейді тұрғызамыз ғаламат!*

Иә, солай болды да! Осы жолдардың авторы Бөген Жақыпұлын соңғы бір ширек ғасырдан бері жақсы біледі. Қызметтес болдық, замандас болдық, Ұлы Есет Көтібарұлының (әкесін де көрген, шаңырағынан дәм татқан адаммын. Ол кезде Жәкең Есет-Дәрібай зиратының қасындағы Есет бұлағының басында жайлап отыратын.

Жәкеңе бір сауал қойғанымызда: “Мына нағашым, әулие, батыр атамыздың - Есекемнің жамбасынан атқылап жатқан бұлақтан нәр алып, жиеншарларын өсіріп отырмын. Ұлы бабаның әруағына тағзым етемін, балаларымды қолдап, қорғай жатқай деп тілеп, құран бағыштаймын” деген еді. Т.Т.) Жиеншары, әзіл-қалжыңымыз жарасқан, ел сыйлаған, құрмет тұтқан азамат еді. Қуаныштың бұл тарихи сөзді Бөкең ағасына арнауы да үлен ақылдылықтан туған. Бөкеңе ақылды, көреген перзенті - қоғам президенті Тұрлан Бөгенұлы Жакуповке ұлы нағашыларының абыройы мен даңқы дарысын демекпін!

Мұнан кейін Қуаныш Рамазан Нұржанов ағасына бірекі шумақ өлең жолдарын арнап, қазақтың “кәріні мақтап, жасты мін!” деген қанатты сөзін басшылыққа алып, ағасының суына тиетіндей “орныңнан тұр, бөгелме, жанжағыңа қарап алақтама, іске кіріс!” деп тұрғандай. Ол өлең жолдары мынадай:



*Жалынды жүрегінде оты бардың,  
Деп айтам қол қусырып отырар кім?  
Рамазан, ағатай кезі келді,  
Салатын кесенесін Көтібардың!  
Реке, бастағайсыз осы істі –  
Сәті келді, ендігі басқаны қой, –*

депті.

Жарқынбай Назарбаев ағасына да өлең жолдарын арнапты.

*Жас жігіттей жарқылдап,  
Көтібардың тарихын зерттеп...  
Көктөбеге жүз келіп,  
Салайын деп кесене –  
Елге жар салды-ай, –*

деп ағасын құр атқа мінгендей қуаттандырып жібереді автор.

#### 4

Сөйтіп, аудан әкімі Арынқазы Қалжанұлы бастаған іс табан жерде өріс алып кетті.

Көктөбе басында күнде дүбір басталды. Істің басы-қасында, ұйымдастыру жұмыстарын басқару аудан әкімінің орынбасарлары Елкей Әбубәкіров пен Жангелді Құрмашевке тапсырылған. Ол әкімнің тапсырмаларын бұлжытпай орындау үшін күндіз демей, түн демей жүгіріп жүріп, өздерінің іскерлік қабілеттерін, ақыл-ойын жұмсады.

\* \* \*

Сәл шегініс. Тарих үшін, келер ұрпақтар үшін керек қой, бұл ұлы батырға арналған кесенені кім жобалады, кімдер салды, екен ә? деген сұрақ бұл кітапты оқыған, сәнді кесенені көрген, әруақты бабаға тағзым еткен, әрбір адамның ойына келері хақ!

– Кесененің жобасын сызып, өмірге келтіру үшін қағаз бетіне түсірген Аяпберген Оспағалиұлы Қарпықов, Әдіғали Баяндин, Несіпбек - үшеуі болатын-ды.